

## Тамыз айындағы №1 әдістемелік кеңестің

### х а т т а м а с ы

Өтілген күні: 26.08.2022ж

Қатысуға тиісті: 15

Қатысқандар: 14

Тақырыбы: «Жоспарлар, нұсқаулықтар, ақпараттар»

#### Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 оқу жылына ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспарын таныстыру
2. Әдістемелік- нұсқау хатпен таныстыру
3. Үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізуді ұйымдастыру
4. Әдістемелік кеңес және әдістемелік кафедралар құрамын құру
5. Оқушыларды бейінді оқыту жүйесін іске асыру жоспарын бекіту
6. Мұғалімдердің тақырыптық- күнтізбелік жоспарларын, таңдау курстарының, қолданбалы курстардың бағдарламаларын бекіту

### I Тыңдалды

**Бейін жөніндегі орынбасар А.Елеуова:** 2022-2023 оқу жылына ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспары жасалды. Мектептің әдістемелік тақырыбы: «Білімді ұлт - тұрақты даму кепілі» Мақсаты: Білім сапасын арттырудың жаңа педагогикалық технологияларын білім тәрбие беру үрдісіне енгізіп, жетілдіру; Шығармашылық топтардың жаңа жүйені енгізу және жетілдірудегі жұмыс бағыттарын бекіту, мұғалімдердің ғылыми- әдістемелік деңгейін, кәсіби біліктілігін, шеберлігін дамыту.

Ғылыми-әдістемелік жұмыс міндеттері:

- Жаңартылған білім мазмұнының тиімділігін сабақ үрдісінде пайдалану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру;
- Мұғалімдердің іс-тәжірибесіне инновациялық технологияларды енгізе отырып, кәсіби өсуіне мүмкіндік туғызу;
- Мұғалімге педагогикалық білімін өз бетімен көтеру жолдарын үйрету
- Оқу сабақтарының барлық түрінің өткізілуінің әдістемесін, тиімділігін жетілдіру, әдістемелік апталықтар мен ашық есік күндерін ұйымдастырып, олардың мектептегі педагог қызметкерлердің педагогикалық шеберлігін жетілдірудегі ролін арттыру
- Білім сапасын арттыруда мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық шығармашылық орта қалыптастыру;
- Озат педагогикалық тәжірибені зерттеу мен жинақтауды алмасуды ұйымдастыру;

Жұмыс нысандары: әдістемелік кеңес, семинарлар, форум, дөңгелек үстел. Жалғанды: 1-қосымша (2022-2023 оқу жылына ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспары)

### Сөйлеу

**Есбергенова Ж:** Ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспарындағы педагогтар мен оқушыларға арналған тренингтер, семинарлардың маңызы зор болмақ. Шетпе лицейі мен М.Атымов мектептерімен бірлесіп өткізетін әдістемелік жұмыстардың болуы мұғалімдердің кәсіби шыңдалуына оң әсерін тигізеді деп ойлаймын.

### Қаулы:

2022-2023 оқу жылына ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспары таныстырылды деп есептелінсін, жоспардың орындалысына бақылау-басшылық жүргізу ДБЖО және ДОІЖО ларға тапсырылсын;

## II Тыңдалды

**Бейін жөніндегі орынбасар А.Елеуова:** «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2022 жылғы 21 шілдедегі №8 хаттама). Орта білім беруде білім алушылардың метапәндік дағдылары мен құндылықтарын қалыптастыруға және дамытуға, ерте кәсіптік бағдар беруге, инклюзивті орта мәдениетін қалыптастыруға баса назар аударылып отыр. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасына сәйкес тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету қажет. Әрбір білім беру ұйымының міндеті-ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған, функционалдық сауаттылық дағдылары бар және оны қоршаған болмыста бәсекеге қабілетті бола алатын білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құру.

2022-2023 оқу жылында білім беруді ұйымдастыруда келесі міндеттерге назар аудару керек: ✓ білім алушылардың білімін толықтыру;

✓ қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;

✓ білім алушыларға сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;

✓ цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау;

✓ инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету.

ӘНХ-пен танысып, бірлесіп жұмыс жасау керекпіз. ӘНХ-та баршаңыздың нақты жұмыстарыңызбен және нені білулеріңіз қажет екендігі көрсетілген. ӘНХ-ты бірлестік мүшелері болып, нақтылап, талқылап талдайсыздар.

### Сөйлеу

**Э.Дюсембаева:** Оқушылардың сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету және ерте кәсіптік бағдар беру жұмыстарын әр пән мұғалімі басшылыққа ала отырып жүйелі жұмыс жүргізуі қажет. Әдістемелік нұсқаулық хаттағы міндеттер жақсы берілген.

### Қаулы:

2022-2023 оқу жылының «Әдістемелік- нұсқау хаты» таныстырылды деп есептелінсін;

## III Тыңдалды

**Оқу-ісі жөніндегі орынбасар Г.Мүттахқызы:** Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жоспары барлық мұғалімде болуы керек. Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жасау алгоритмі: 1) бірнеше педагогтің сабақтарды, оқыту процесін бірлесіп жоспарлауы (олқылықтардың орнын толықтыру үшін оқу материалын қайталау, бекіту, оқу тапсырмаларының минимумын орындау, қателерді талдау және жою бойынша оқу әрекетін реттеу және т.б.); 2) оқу іс-әрекеті барысында қолдау көрсету және кеңес беру; 3) бірінші сыныптың білім алушылары мен осал топтың балаларын психологиялық бейімдеуді қамтамасыз ету; 4) оқу іс-әрекетін ынталандыру (көтермелеу, табысты жағдаяттарды туғызу, оқу процесіне белсенді қатысуға ынталандыру және т.б.). 5) оқушының оқу іс-әрекетінің және оқу жетістіктерінің мониторингі (білім алушыларға жүйелі сауалнама жүргізу, оқу тапсырмаларының орындалуын тексеру, кері байланыс, өзін-өзі бағалауда белсенділікті арттыру және т.б.); 6) қосымша сабақтарды және өзара көмек беруді ұйымдастыру; 7) білім алушыға қолдау көрсету бойынша ата-аналармен жұмыс; 8) өздігінен орындайтын тапсырмалар үшін қашықтан оқыту жүйесін пайдалану. Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жұмыстарында: педагогке: - білім алушының артта қалу себептерін, оның оқу жетістіктерінің деңгейін және біліміндегі олқылықтарды анықтау; - жеке қолдау көрсету үшін білім алушының қажеттіліктерін зерделеу; - жеке тапсырмаларды таңдай отырып, оқытудың жеке жоспарын әзірлеу; - жүйелі кері байланысты ұйымдастыру ұсынылады. Педагог оқушылардың білім алу қажеттіліктерін және жеке даму жолын ескере

отырып, пән бойынша білім алушылардың білімін толықтыру алгоритмін дербес әзірлейді. Мысалы: 23 - өткен және ағымдағы оқу жылдарындағы оқу пәні сабақтарының тақырыптарын, оқу мақсаттарын кіріктіру; - пәндер бойынша өткен оқу жылының материалдарын жаңа оқу жылының барлық кезеңіне бөлу; - жаңа

тақырыптарды және оқу мақсаттарын меңгертуге дейін бұрынғы оқу материалдарын қайталау; - білім алушыларға қиындық тудырған тақырыптар бойынша қосымша сабақтар өткізу; - білім алушыларға күрделі тақырыптар/оқу мақсаттары бойынша жеке және топпен консультациялар өткізу; - өткен оқу материалы бойынша оқу пәнінен олимпиадалар ұйымдастыру; - каникулдық сабақтарды және жазғы мектепті ұйымдастыру; - формативті бағалауда өткен оқу жылындағы оқу бағдарламасы бойынша тапсырмалар әзірлеу және енгізу; - өткен оқу жылындағы материалдар бойынша зерттеу және жобалау жұмыстарын ұйымдастыру; - білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру сабақтары үшін Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентінің сағаттарын пайдалану; - білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында қосымша білім беру ұйымдарының мүмкіндігін барынша пайдалану; - білім беру платформаларын қолдану.

(Жалғанды 2)

### Сөйлеу

**А.Елеуова:** Педагог қызметкерлерді аттестаттаудың екінші кезеңінде портфолио қаралатыны белгілі. Портфолионы бағалау көрсеткіштерінің бірі «Үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс» жоспары. Білім алушылардың білім сапасын көтеруге пайдалы болады.

### Қаулы:

Пән мұғалімдері «Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс» жоспарын жасап, бекітілсін және бақылау жүргізу ДОДЖО ға тапсырылсын.

## IV Тыңдалды

**Бейін жөніндегі орынбасар А.Елеуова: 1.** Әдістемелік кеңес құрамына мына мұғалімдерді ұсынып отырмын.

| №  | Мұғалімнің аты-жөні    | Лауазымы                                    |         |
|----|------------------------|---------------------------------------------|---------|
| 1  | Нұрмағамбетова Гүларша | Директор                                    | Мүше    |
| 2  | Елеуова Акбала         | ДБЖО                                        | Төрайым |
| 3  | Мұттахықызы Гүлжан     | ДОДЖО                                       | Мүше    |
| 4  | Есбергенова Жансая     | Психолог                                    | Мүше    |
| 5  | Жанғали Ақсынай        | ДТЖО                                        | Мүше    |
| 6  | Бекболатова Жанира     | Гуманитарлық пәндер кафедрасының жетекшісі  | Мүше    |
| 7  | Шоланова Гүлзина       | Зияткер кафедрасының жетекшісі              | Мүше    |
| 8  | Ерболатова Санжан      | Жаратылыстану пәндер кафедрасының жетекшісі | Мүше    |
| 9  | Кокишева Гүлзира       | Бастауыш сынып кафедрасының жетекшісі       | Мүше    |
| 10 | Изтурганова Майра      | Эстетикалық пәндер кафедрасының жетекшісі   | Мүше    |
| 11 | Аманқосова Сандуғаш    | Қосымша білім беру педагогі                 | Мүше    |
| 12 | Асқарұлы Нұргиса       | Нұсқаушы                                    | Мүше    |
| 13 | Мұстафин Алқабек       | Тәлімгер                                    | Мүше    |
| 14 | Дюсембаева Эльвира     | Биология пәні мұғалімі                      | Мүше    |
| 15 | Куанова Перизат        | Ағылшын пәні мұғалімі                       | Мүше    |
| 16 | Таңатарова Айдана      | Кітапханашы                                 | Мүше    |

2. Әдістемелік кафедралар құрамының жетекшілері:

|                    |                                             |
|--------------------|---------------------------------------------|
| Бекболатова Жанира | Гуманитарлық пәндер кафедрасының жетекшісі  |
| Шоланова Гүлзина   | Зияткер кафедрасының жетекшісі              |
| Ерболатова Санжан  | Жаратылыстану пәндер кафедрасының жетекшісі |
| Кокишева Гүлзира   | Бастауыш сынып кафедрасының жетекшісі       |
| Изтурганова Майра  | Эстетикалық пәндер кафедрасының жетекшісі   |

**Қаулы:**

Әдістемелік кеңес құрамы және әдістемелік кафедрадың жетекшілері бекітілсін.

**V Тыңдалды**

**Бейін жөніндегі орынбасар А.Елеуова:** Оқушыларды бейінді оқыту жүйесін іске асыру жоспарын таныстырды. Жалғанды: 3-қосымша

**Сөйлеу жоқ**

**Қаулы:**

Оқушыларды бейінді оқыту жүйесін іске асыру жоспарын таныстырылды деп есептелінсін.

**VI Тыңдалды**

**Кафедралардың жетекшілері Ж.Бекболатова, С.Ерболатова, М.Изтурганова :** Мұғалімдердің тақырыптық- күнтізбелік жоспарлары оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының 6, 86-қосымшаларына сәйкес жасалды. Барлық мұғалімдердің жоспарлары дайын.

**Бастауыш сынып кафедрасының жетекшісі Г.Кокишева:** Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия сыныптарына арналған бастауыш білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары 14-қосымшасына сәйкес, бастауыш сынып мұғалімдері тақырыптық- күнтізбелік жоспарларын дайындалды.

**Сөйлеу**

**Қосымша білім беру педагогі С.Аманқосова:** Осы оқу жылы 7 үйірме, 44 факультатив сабақтары вариативтен және гимназия қосымшасы сағаттары арқылы беріліп отыр. Мұғалімдердің курс бағдарламалары бойынша жоспарлары дайын.

**Қаулы:**

Мұғалімдердің тақырыптық- күнтізбелік жоспарлары, тандау курстарының, қолданбалы курстардың бағдарламалары қаралды деп табылсын және мектеп басшысына бекітуге ұсынылсын.

Жиналыс төрайымы:

А.Елеуова

Хатшы:

А.Айтурова

## Қараша айындағы №2 әдістемелік кеңестің

### х а т т а м а с ы

Өтілген күні: 30.11.2022ж

Қатысуға тиісті: 16

Қатысқандар: 15

Тақырыбы: **Мұғалімнің кәсіби шеберлігі – білім сапасының кепілі»**

#### **Күн тәртібінде:**

1. Зияткер кафедрасының апталығының қорытындысы
2. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жұмыстарының орындалысы
3. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің берілісі
3. Мектеп олимпиадасы (талаптар, дайындық жұмыстарды) ұйымдастыру
4. 7-11 сынып оқушыларының кәсіби диагностика жүргізу қорытындысы
5. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыстарының жәй-күйі
6. Әліппе пәнінің берілісі

#### **I Тыңдалды**

**Зияткер кафедрасының жетекшісі Г.Шоланова:** «Шетпе гимназиясы» КММ-нде 10.10-14.10.2022ж «Зияткер» кафедрасының ұйымдастыруымен «Білімдіден не пайда білгенін көпке айтпаса, үйреткеннен не пайда қайырымы қайтпаса» тақырыбымен қазақ халқының рухани көсемі, ұлт ұстазы –А. Байтұрсыновтың туғанына 150жыл толуына орай апталық өтті. Апталықтың мақсаты : 1.Педогогтік шеберлік – дарынды талант емес, үйрену, ізденудің нәтижесі екендігін жас мамандарға түсіндіру.2.Жас мамандарды ұстаздық шеберлікке тәрбиелеу, қазіргі заман талаптарына сай сабаққа қойылатын талаптарды үйрету. 3.Ақын өмірін білім алушыларға оқушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүйуге, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу, жас буынның танымдық деңгейін дамыту.4.Жас мамандарға кәсіптік бағыт-бағдар беру, педагогикалық әдепке баулу, методикалық және практикалық бағыт көрсету арқылы олардың тәжірибелі ұстаздар қатарына қосылуына ықпал жасау болды. Апталықта тәлімгерлер ашық-көрнекі сабақтар өтізіп, тәжірибелі ұстаздар коучинг, тренинг, шеберлік сағаттарын жүргізді. Жас мамандардан күтілетін нәтиже: 1.Қазіргі заман талаптарына сай жаңаша оқыту сабақтарына қойылатын талаптарды үйренеді; 2.Сабақтарға қатысып, тәжірибе жинақтайды, салыстырады, өз пікірін дәлелдей алады;3.Ұжымда ынтымақтастықпен бірін – бірі құрметтеп, пікірлерін сыйлап, қадірлей білуге қалыптасады.*(қосымша жалғанды I)*

#### **Сөйледі**

**ДБЖО А.Елеуова:** Өткізілген апталық қорытындысының нәтижелері жас мамандардың сабақтарында көрініс тауып, іс-тәжірибелеріне пайдалану қажет. Біздің биылғы жас мамандарымыздың сабақтарға қатысын тәлімгерлері де үнемі бақылап отыруы керек.

#### **Қаулы:**

1. Зияткер кафедрасының апталығының қорытындысы тыңдалды деп есептелінсін;
2. Жас мамандардың тәжірибелі ұстаздардың сабақтарына қатыстырып отыруды тәлімгерлер бақылау жасасын.

## II Тыңдалды

**Бастауыш кафедра жетекшісі Г.Кокишева:** Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жұмыстарының орындалысы туралы айтып өтті. Функционалдық сауаттылықты арттыруға арналған тест жұмысы жүргізіліп отырды. Функционалдық сауаттылықты арттыруға арналған тест жұмысын жүргізген соң, міндетті түрде талдау жасалды. Математика, әдебиеттік оқу, қазақ тілі, дүниетану пәндерінен алынды (*қосымша жалғанды 2*)

### Сөйледі

**Г.Мұттахиқызы:** Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жұмыстарының әрбір сабақта жүйелі жүргізген жақсы нәтиже береді. Оқушыларды байқауларға, олимпиадаларға, ғылыми жобаларға дайындауда да пайдасы бар.

### Қаулы:

1. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жұмыстарының орындалысы қанағаттанарлық деп табылсын;
2. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жұмыстарын жетілдіру пән мұғалімдеріне тапсырылсын.

## III Тыңдалды

**Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары М.Догалова:** Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің берілісі туралы айтып өтті. Аманқосова Сандуғаш қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы. Еңбек өтілі: 7 жыл. 7-қазақ әдебиетінен, 10, 11-сыныптарға қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен сабақ береді. Жүктемесі 8 сағат. Көшкінбаева Динара, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші. Еңбек өтілі: 22 жыл. 5, 6, 7, 9-сыныптарға сабақ береді. Жүктемесі 18 сағат. (*қосымша жалғанды 3*)

### Сөйледі

**Н.Сенғалиев:** Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен тәжірибелі ұстаздар беріп отыр. Алайда осы пәндерден тоқсан қорытындысында 3-ке шығып отырған оқушылар бар. Осы оқушылармен пән мұғалімдері қандай жұмыстар атқарып отыр?

**М.Догалова:** Пән мұғалімдері оқушылардың грамматикалық білімдерін жетілдіру мақсатында түрлі тапсырмалар дайындап, сабақтарын түрлердіріп өтуге жұмыстанып келеді.

### Қаулы:

1. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің берілісі жақсы деп есептелінсін;;
2. Тәжірибелі сабақ көрсетіп жүрген С.Аманқосованың іс-тәжірибесін облыс көлемінде тарату ДБЖО А.Елеуоваға тапсырылсын.

## IV Тыңдалды

**ДОБЖО Н.Сенғалиев:** Мектеп олимпиадасы (талаптар, дайындық жұмыстарды) ұйымдастыру. Маңғыстау аудандық білім бөлімінің «Шетпе гимназиясы» КММ-нің 14.11.2021ж. күнгі №95 -нқ бұйрығы негізінде 2022-2023 оқу жылының 21 қараша күні 5-6 сыныптар арасында математика, жаратылыстану, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен ағылшын тілі мен Қазақстан тарихы пәндерінен мектепшілік олимпиада өткізілді. 2022-2023 оқу жылының 21-22 қараша күндері 9-11 сыныптар арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың I (

мектепішілік) кезеңі өткізілді. Мектепішілік олимпиада кестеге, ережеге сәйкес өтті. Арнайы қазылар алқасы тағайындалды. 1-орын алған оқушылардың жұмыстыры хаттамасымен бірге аудандық білім бөліміне жіберілді. *(қосымша жалғанды 4)*

#### **Сөйледі**

**Г.Нұрмағамбетова:** Былтырғы оқу жылында республикадан қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен II орын алған Уәлихан Арайлым бар. Облыстық кезең де құқық пәнінен I орын алған Жолдасқызы Жаннұр биыл 10-сыныпты оқып отыр. Бұл оқушылар республикалық деңгейде орын алатын үміткерлер. Оқушылардың дайындықтарын пән мұғалімдері пысықтап, күшейту керек.

#### **Қаулы:**

1. Оқушылардың олимпиадаға дайындық жұмыстарын күшейту пән мұғалімдеріне тапсырылсын;
2. Бақылау басшылық жасау Н.Сенғалиевке тапсырылсын.

#### **V Тыңдалды**

**Психолог Ж.Есбергенова:** 7-11 сынып оқушыларының кәсіби диагностика жүргізу қорытындысы *(қосымша жалғанды 5)*

#### **Сөйлеу жоқ**

#### **Қаулы:**

7-11 сынып оқушыларының кәсіби диагностика жүргізу қорытындысы тыңдалды деп есептелісін;

#### **VI Тыңдалды**

**ДОҒЖО Н.Сенғалиев:** Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыстарының жәй-күйі. 2022-2023 оқу жылының қыркүйек айында барлық сыныптардан пән мұғалімдері 0 дік кесінді алып, өткен оқу жылындағы олқылықтарды анықтап, күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын жоспарлап бекітті. 2022-2023 оқу жылының басында басрлық сыныптан талдау-бақылау жұмыстары алынып. Пән мұғалімдерінен үлгермеушіліктің алдын-алу жоспары жасалынып, бекітілді. Мұғалімдер жоспар бойынша білім алушылармен жүйелі түрде жұмыс жасап жатыр. Күзгі каникул кезінде үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыстар жасады. 1-тоқсан қорытындысы бойынша көп үлгермеушілік көрсеткен ағылшын және қазақ тілі пәндерінен байқалды *(қосымша жалғанды 5)*

#### **Сөйледі**

**А.Елеуова:** Олқылықтардың орнын толықтыру жұмыстарын қатысқан сабақтарымда көріп отырмын. Пән мұғалімдері әрбір жаңа тақырыпты бастарда өткенді еске түсіру, пысықтау мақсаттарында түрлі тапсырмалар беріп отырады. Гүлзина апай көбіне сұрақ-жауап арқылы ауызша жылдам есептерді шығару арқылы өткен тақырыптарды тиянақтап отырады.

#### **Қаулы:**

1. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыстары одан әрі жетілдіру пән мұғалімдеріне міндеттелсін;
2. Бақылау басшылық жасау Н.Сенғалиевке тапсырылсын.

## **VII Тыңдалды**

**ДБЖО А.Елеуова:** Өліппе пәнінің берілісі. 2022-2023 оқу жылында 1-сыныпта Мақсатқызы Бибігүл сабақ береді. Санаты педагог-модератор. Еңбек өтілі 8 жыл. *(қосымша жалғанды б)*


## **Сөйледі**

**Г.Кокишева:** Мақсатқызы Бибігүлдің сабақтарына қатысып жүрмін. Оқушылар жақсы қалыптасып қалған екен. Мұғалімнің жақсы жұмыс жасағаны көрініп тұр.

## **Қаулы:**

1. Өліппе пәнінің берілісі қанағаттанарлық деп есептелінсін

**ЖАЛҒАНДЫ:** Күн тәртібіндегі мәселелер

Жиналыс төрайымы:  А.Елеуова

Хатшы:  А.Айтурова

## Қаңтар айындағы №3 әдістемелік кеңестің

### х а т т а м а с ы

Өтілген күні: 31.01.2023ж

Қатысуға тиісті: 16

Қатысқандар: 16

Тақырыбы: «Білім сапасы - мұғалімнің шеберлігінің жемісі»

#### Күн тәртібінде:

1. Әдістемелік бірлестіктер жұмыстарының қорытындысы
2. II тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебі
3. Бастауыш сыныптарда білім алушыларға жүйелі кері байланыстың ұйымдастырылуы
4. Аудандық, облыстық пәндер олимпиадасының қорытындысы.
5. Ағылшын тілі пәнінің берілісі
6. Дене шынықтыру сабақтарында пәннің мазмұнын игеру процесіндегі оқушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру
7. Оқыту процесінде педагогтердің қашықтан оқыту технологиялары мен ЦБР қолдануы
8. Дене шынықтыру пәнінің берілісі

#### I Тыңдалды

##### Әдістемелік бірлестіктер жұмыстарының қорытындысы

**Бастауыш кафедрасының жетекшісі Г.Кокишева:** Бастауыш кафедрасында барлығы 4 бастауыш сынып мұғалімі бар. Сапалық құрамы: 2 мұғалім шебер, 1 сарапшы, 1 модератор. Бастауыш сыныпты 96 оқушымен яғни, 48 ұл, 48 қызбен бастадық. Тамыз айында бірлестік отырысы болды. Онда әдістемелік бірлестіктің өткен жылғы жұмысына талдау жасалды. Әр сынып жетекшілері Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды №500 бұйрық бойынша 2022-2023 оқу жылынан бастап қосымша енгізілетін жалпы білім беретін, арнайы және мамандандырылған мектептерге арналған төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарлары қарастырылып бекітілді. 1 қыркүйек Білім күніне байланысты барлық сынып жетекшілер «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында алғашқы сабақтарын өткізді.

Бастауыш сынып оқушылары мектепішілік, аудандық, облыстық көлемде ұйымдастырылған барлық шараларға белсенді қатысып отырды. (жалғанды қосымша 1)

**Гуманитарлық пәндер кафедрасының жетекшісі Ж.Бекболатова:** 2022-2023ж. оқу жылында гуманитарлық бірлестік кафедрасы екі жас маманмен толықтырылды. Олар: тарих пәнінің мұғалімі Төлеп Нұр және орыс тілі пәнінің мұғалімі Ибраева Динара. Жас мамандарға тәлімгерлер тағайындалды. Тәлімгерлер жоспар құрып, жас мамандарға методикалық көрсетуде.

Жаңа оқу жылына бірлестік жоспары жасақталып, жұмыстар жүргізілу үстінде. Бірлестіктің алғашқы отырысында ӘНХ талқыланып, нұсқау хаттағы өзгерістер айтылды. Сонымен қатар, айтулы даталар, белгілі тұлғалардың туған күндері ескерілді.

Дарынды балалармен жұмыс жасау мақсатында олимпиада мен ғылыми жобалар сайыстарына оқушылар тандалып, әр пән мұғалімі өз пәні бойынша балалармен жұмыс бастады (жалғанды қосымша 2)

**Жаратылыстану кафедрасының жетекшісі С.Ерболатова:** 2022 – 2023 ж. оқу жылында жаратылыстану бірлестік кафедрасы екі жас маманмен толықтырылды. Олар: физика пәнінің мұғалімі Торалина Гүлмайда, химия пәні мұғалімі Таңатарова Айғаным. Гүлмайда – модератор, ал

Айғанымға тәлімгер тағайындалды. Тәлімгері Дюсембаева Эльвира. Тәлімгерлер жас маманмен жақсы қызметтер атқаруда. Жаңа оқу жылына бірлестік жоспары жасақталып, жұмыстар жүргізілу үстінде. Алғашқы отырыста ӘНҚ талқыланып, нұсқау хаттағы өзгерістер айтылды(жалғанды қосымша 3)

**Эстетикалық пәндер кафедрасының жетекшісі М.Изтурганова:** Эстетикалық пәндер музыка, дене тәрбиесі, көркем еңбек, алғашқы әскери дайындық пәндерінің жыл басында жоспары құрылып, бекітілді. Бірлестікте төрт отырыс өтті. Қыркүйек айында кафедраның есебі, 2022-2023 оқу жылына арналған жоспар, күнтізбелік жоспарларды бекітуге ұсыну. Қазан айында екінші отырыс болып өтті. Ондағы мәселелер тәжірбиелі мұғалімдердің сабақтарына қатысу арқылы қарым – қатынас тәсілдерін меңгеруге көмек. Қарашада эстетикалық пәндер апталығын қорытындылады. Желтоқсанда бірінші жартыжылдық қорытындысы талқыланды (жалғанды қосымша 4)

#### **Қаулы:**

2022-2023 оқу жылының I жарты жылдығы бойынша әдістемелік бірлестік жұмыстарының қорытындысы тыңдалды деп табылсын;

#### **II Тыңдалды**

**Оқу – ісі жөніндегі орынбасар Н.Сенғалиев:** II тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебі туралы айтып өтті. II тоқсан бойынша барлық пән мұғалімдерінің жиынтық бағалаулары тексерілді. ДБЖО А.Елеуова – жаратылыстану бағытындағы пәндердің жиынтық бағалауды. Мен гуманитар бағытындағы пәндерді тексердім. Мұғалімдердің ЖБ,ТЖБ тексерілісі, мектеп еду журналына уақытылы қойылуы қаралды. Және де оқушыларға рубриканы таратылуы тексерілді. Тексеру барысында мұғалімдердің барлығының бағалауы тиісті түрде жүргізіліп отырғаны анықталды. Барлық материалдар папкада жинақталды.

#### **Сөйлеу**

**С.Аманқосова:** Оқушылардың жиынтық бағалауын талаптарға сәйкес жүргізу маңызды болып табылады. Бақылау жүргізу барысында жас мамандарға ескертулер беріліп, әдістемелік көмектер ұйымдастырылды.

#### **Қаулы:**

- 1) II тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебі тыңдалды есептелінсін;
- 2) Жиынтық бағалау жұмысының жүйелі жүруін бақылау ДООЖО Н.Сенғалиевке тапсырылсын.

#### **III Тыңдалды**

**Кафедра жетекшісі Г.Кокишева:** Бастауыш сыныптарда білім алушыларға жүйелі кері байланыстың ұйымдастырылуы айтып өтті. Кері байланыс – адамның өзі куә болған оқиғаға немесе басқалардың әрекетіне айтылған пікірі, реакциясы. Оқу материалының мазмұнына берілетін кері байланыс. Бұрын мен білмеуші едім. Енді мен білемін деген сияқты ой пікірлерін білдіру боп табылады. Мысалы: “Синквейн” әдісі, оқушының оқып отырған тақырыпқа қатысты іс – әрекетін анықтауға, бұрынғы білім мен жаңаны түсінудің арақатынасын жалғастыруға мүмкіндік береді(жалғанды қосымша 5)

#### **Қаулы:**

Бастауыш сыныптарда білім алушыларға жүйелі кері байланыстың ұйымдастырылуы қанағаттанарлық деп табылсын;

#### **IV Тыңдалды**

**Оқу – ісі жөніндегі орынбасар Н.Сенғалиев:** Аудандық, облыстық пәндер олимпиадасының қорытындысына тоқталып өтейін. 5-6 сыныптар арасындағы аудандық олимпиада қорытындысымен орыс тілі –Сәрсенқызы Перизат 6-сынып I орын, Берікқызы Әсел 5-сынып III орын; Ағылшын тілі –

Түлкібай Қайсар 5-сынып І орын; Қазақ тілі – Айбергенқызы ІІІ орын; Тарих – Тұрарұлы Айтқабыл 6-сынып ІІІ орын иеленді.

7-8сыныптар арасындағы жасөспірімдер олимпиадасының аудандық кезеңінді Қазақ тілінен 8-сынып оқушысы Темірбекқызы Қарашаш 2-орын, 7-сынып оқушысы Дабылова Фатима 3-орын; Орыс тілі пәнінен 8-сынып оқушысы Қуан Ақжарқын 2-орын; Ағылшын тілінен 8-сынып оқушысы Теміртасқызы Мөлдір 2-орын; География пәнінен 7-сынып оқушысы Маликова Нұрдана 3-орын; Информатикадан 7-сынып оқушысы Базартай Айару 2-орын иеленді.

#### **Қаулы:**

- 1) Аудандық пәндер олимпиадасының қорытындысы тыңдалды деп есептелінсін және жүлдегер оқушылар резервке алынып, дайындықтар жүргізілсін;
- 2) ЖББП бойынша олимпиада ақпан айында өтуіне байланысты қорытындысы келесі әдістемелік кеңесте тыңдалсын және бақылау-басшылықты жүргізу ДООЖО Н.Сенғалиевке тапсырылсын.

#### **V Тыңдалды**

Оқу – ісі жөніндегі орынбасар Н.Сенғалиев: Ағылшын тілі пәнінен екі зерттеуші-педагог сабақ береді. Аманқосова Зайра – 12 жыл еңбек өтілі бар мұғалім. 09.01.2023 ж.күнгі «Health and body» және 12.01.2023 ж.күнгі «Art and music» сабағына қатыстым. Мұғалімнің электронды журналы толық. Оқу мақсатарына сәйкес оқушыларға тапсырмалар берді. Тапсырмалардың дескрипторы бар. Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін тик-ток трендтері арқылы ағылшын тілін үйретті. Әр түрлі әдіс тәсілдерін қолданып отыр. АКТ пайдалануы жоғары деңгейде. Жаңа сабақ түсіндіруге, тапсырмаларды беруде презентациямен көрсеті отырды. Екі сабақта мақсатына жетті деп ойлаймын.

Қуанова Перизат – 18 жыл еңбек өтілі бар мұғалім. 11.01.2023 ж.күнгі 6-сыныпта «language focus Can for ability and permission» деген тақырыпты сабаққа қатыстым. Мақсаты: Can модальді етісгінің болымды, болымсыз формада сөйлемде қолдану. Балалар сабаққа дайындықпен келген. Can модальді етістігін сөйлемде пайдаланып үйренді. Оқушыларды топқа бөлді. Балалар топпен жұмыс жасап, грамматикалық тапсырмалар орындады. Бір бірін бағалады. Мұғалім барлық баладан 18.01 күні 6-сыныпта Language focus. Countable and Uncountable nouns деген тақырыпта ағылшын тілі сабағына қатыстым. Сабақ ұйымдастыру кезеңінен басталды. Тақтадағы суреттерді пайдаланып, балалар сөйлем құрады. Саналатын және саналмайтын зат есімдерді ажырата алды. Және сұрақ-жауап кезінде балалар зат есімдерді дұрыс қолданды. Жауап беруде қателіктер жіберген оқушыға мұғалім түсіндіріп, жетелеп отырды. Бірнеше жаттығулар орындалды. Мұғалім балаларды әр тапсырмадағы берілген дескриптер бойынша бағалады. 17.01 күні 8-сыныпта Second Conditional деген тақырыпта сабаққа қатыстым. Кезекшімен сөйлесті. Үй тапсырмасы модальді етістіктерді пайдаланып, осы шақта, өткен шақта, келер шақта сөйлем құрау. Балалар орындап келген. Жаңа сабақта Second Conditional , яғни 2-ш шартты сөйлеммен таныстыру екен, бірақ мұғалім шартты сөйлемнің 0,1,2,3 түрлерімен де толықтырып таныстырды. Осы сөйлемдерге байланысты орын тәртібін де түсіндірді. Балалар белсенді қатысты, жаттығуларды тақтада орындады.

#### **Сөйлеу**

Ж.Бекболатова: Бұл екі мұғалімнің де сабақтары өте тартымды, оқушылары белсенді. Қатысып жүрген сабақтарымда АКТ-ны жақсы қолданады. Бұл мұғалімдердің іс-тәжірибелерін облыс, республика деңгейінде тарату керек.

#### **Қаулы:**

- 1) Ағылшын тілі пәнінің берілісі қанағаттанарлық деп табылсын;
- 2) Пән мұғалімдерінің іс-тәжірибесін тарату А.Елеуоваға жүктелсін.

#### **VI Тыңдалды**

Дене нұсқаушысы Н.Асқарұлы: Дене шынықтыру сабақтарында пәннің мазмұнын игеру процесіндегі оқушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастыруына тоқталатын болсам. 4-сыныпта «Аэробикалық жаттығудың пайдасы» тақырыбында 18.01.2023ж күні Мендіғалиқызы Ақбайнның сабағына қатыстым, мұғалім оқушыларды түгендеп тақырыпты түсіндірді. Оқушылардың сабаққа

қатысы жақсы, сабаққа белсене қатысып жаттығуларды жақсы жасады. Оқушылар алдыңғы тоқсанға қарағанда ілгерлеушілік бар.

9 сыныпта «Күшті, төзімділікті жақсарту жаттығулар жиынтығы» тақырыбында

19.01.2023 ж күні Меңдіғалиқызы Ақбаянның сабағына қатыстым, оқушылар сабаққа қатысы жақсы. Оқушылар толық қалыптасқан ЖДЖ-ын нұсқаусыз орындап шықты. Сабаққа оқушылар белсене қатысты.

2 сыныпта «Дене жаттығуы кезінде ағзаның өзгеруі» тақырыбында 25.01.2023ж күні Меңдіғалиқызы Ақбаянның сабағына қатыстым. Жоспар бекітілген. Мұғалім оқушыларды сапқа тұрғызып түгендеді, оқушылар дене киімін толық әкелген. Сабақ барысында оқушылар белсене ат салысты. Оқушылар сапқа тұруды және ЖДЖ-ын жасап қалыптасып келе жатыр, алдыңғы тоқсандарға қарағанда ілгерлеушілік бар.

Сонымен қатар 10-11 сыныптарға Қанатбаев Бекжан сабақ береді. Мұғалім сабақтарында пәннің мазмұнан игеру процесіндегі оқушылардың іс-әрекетін өте жақсы ұйымдастырады.

**Сөйлеу жоқ**

**Қаулы:**

Дене шынықтыру сабақтарында пәннің мазмұнын игеру процесіндегі оқушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастыруы қанағаттанарлық деп табылсын.

#### **VII Тыңдалды**

ДБЖО А.Елеуова: Оқыту процесінде педагогтердің қашықтан оқыту технологиялары мен ЦБР қолдануы жылдан жылға ілгерілеп келеді. Педагог қызметкерлер көпішілігі bilimland.kz, smk.kz. білім платформаларын және youtube.com., Google.com. сайттарын пайдаланады. bilimland.kz білім платформасын пайдалану статистикасы (жалғанды қосымша 6). Мұғалімдер тұрақты цифрлық білім беру ресурстарын сабақ мақсаттарына сәйкес қолданып отыр. Солардың ішінде Н.Сенғалиев, С.Аманқосова, З.Аманқосова үнемі сабақтарында пайдаланады.

Жас мамандардың(Төралина Г., Таңатарқызы А., Төлеп Н.) цифрлық білім беру ресурстарын пайдануы төмен деңгейде.

**Сөйлеу**

**С.Аманқосова:** Көбінесе ашық сабақтарда ЦБР жақсы қолданылады. Ал жәй сабақтарда да жүйелі қолдануды қалыпты жағдайға айналдыруымыз қажет.

**Г.Кокишева:** Мектеп түлектерінің теледидар алып бергені жақсы болды. Сабақтарымызда видео, аудио, презентация т.б барлығына пайдаланамыз.

**Қаулы:**

- 1) Сабақ барысында цифрлық білім беру ресурстарының түрлерін қолдануды тәжірибелі мұғалімдердің(Н.Сенғалиев, С.Аманқосова) сабақтарына қатысу арқылы үйрену жүргізілсін ;
- 2) Тәлімгерлер жас мамандардың цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануға әдістемелік жұмыстар жүргізісін;
- 3) ЦБР бойынша әдістемелік семинарлар ұйымдастыру ДБЖО ға міндеттелсін;
- 4) Мұғалімдердің ЦБР қолдануына бақылау басшылық жасау ДООЖО ға тапсырылсын

#### **VIII Тыңдалды**

Кафедра жетекшісі М.Изтурганова: Дене шынықтыру пәнінің берілісі мәселесімен пән мұғалімдерінің бірнеше сабақтарына қатыстым. Пән мұғалімдері Қанатбаев Бекжан, Асқарұлы Нұрғиса педагог –модератор санатындағы мұғалімдер. Меңдіғалиқызы Ақбаян биылғы оқу жылы еңбек жолын бастаған жас маман. (жалғанды қосымша 7).

**Сөйлеу жоқ**

**Қаулы:**

- 1)Дене шынықтыру пәнінің берілісі қанағаттанарлық деп табылсын;
- 2) Пән мұғалімдерінің уақытылы курстан өтуіне ДБЖО А.Елеуова бақылау жасасын

Жиналыс төрайымы:

А.Елеуова

Хатшы:

А.Айтурова

## Наурыз айындағы №4 әдістемелік кеңестің

### х а т т а м а с ы

Өтілген күні: 31.03.2023ж

Қатысуға тиісті: 16

Қатысқандар: 16

Тақырыбы: «**«Жаңашылдық ізденісте»»**

#### **Күн тәртібінде:**

1. Информатика пәнінің берілісі
2. Аудандық, облыстық ғылыми жобалар сайысының қорытындысы.
3. Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы пәнінің берілісі
4. Қалыптастырушы бағалау – бағалаудың тиімді тәсілі
5. Ертеден кәсіптік бағдар беру жұмыстарының жүргізілуі
6. Жаратылыстану пәндерін оқытуда қолданылатын цифрлық технологиялардың тиімділігі
7. «Самғау» жастар клубы жұмысының жүргізілуі

#### **I Тыңдалды**

**Жаратылыстану кафедрасының жетекшісі С.Ерболатова:** Информатика пәні мұғалімі Сенғалиев Нұрбек санаты: педагог-модератор. Еңбек өтілі: 3 жыл. 07.03.2023 ж.күні 10-сыныпқа «Big Data » тақырыбындағы сабақ. Сабақ жоспарға сай, сабақ жоспары бар. Сабақтың басында «Big Data» ұғымын видео арқылы оқушыларға түсіндірді. Сабақта оқушылар белсене қатысты. Тапсырмалардың дескрипторлары, бағалау баллдары айтылып отырды. Сабақта GimKit, Quizziz платформалары қолданылды. Оқушыларды бағалау ClassDojo қосымшасы арқылы жүргізілді. Сабақ мақсатына жетті. 10.03.2023 ж.күні 11-сыныпқа «Crowdfunding ұғымы» тақырыбында сабақ. Тақырып 2 сағатқа берілген. Бұл 2-ші сағаты болғандықтан, сабақта оқушыларды топқа бөліп, әр топқа жағдайаттар берілді. Ар топ онлайн тақта арқылы берілген тапсырманы орындап, мұғалімге көсетті. Және де Plickers, Telegram-ды пайдалана отырып оқушылардан топтық, жұптық тапсырмалардан жауап алды. Мұғалім сабақта өзін еркін ұстады. Сабақ соңында «Өз ойым» әдісі арқылы, оқушылар сабақтан алған әселерін, Ватсап желісі арқылы мұғалімге жіберіп отырды. Сабақ мақсатына жетті. 14.03.2023 ж.күні 11-сыныпта «Жобаны алға жылжыту» тақырыбында сабақ. Мұғалімнің сабақ жоспары бар, электронды журналмен сәйкес келеді. Сабақ басында оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыру мақсатында Gim Kid бағдарламасы арқылы, сұрақтарға жауап беру арқылы, ойын арқылы бастады. Оқушылар белсене қатысты. «ClassDojo» қосымшасы арқылы бағалау жүргізілді. Оқушыларды топқа бөліп әр топқа логикалық сұрақтар берілді. Сабақтың ортасында стартап ұғымын түсіндіру мақсатында командалық тапсырма берілді. «Marshmello» командалық ойын ойнатылды, яғни әр команда аздаған материалдарды қолданып, мұнара тұрғызу қажет. Оқушылар сабаққа белсене қатысты. Мұғалім өзін еркін ұстады. Сабақ соңында рефлексия «Жедел хат» әдісі арқылы сабақты қорытындылады.

Информатика пәні мұғалімі Жайлауқызы Сәулет.тЖалпы стажы: 8 жыл. Пед стажы: 5 жыл Санат: жоқ. Сабақ беретін сыныптары: 1,2,3,4,5,6,7,8,9. Күнтізбелік жоспары бар, бекітілген.

Мұғалімнің 03.03.2023ж күні 9-сыныпқа «Сұрыптау» тақырыбында сабағына қатыстым. Сабақта мұғалім оқушыларды The Nat бағдарламасымен 3 топқа бөліп, Жаңа тақырыпты түсінуде «Джигсо» әдісін қолданды. Топтық, жұптық, жеке жұмыстар орындалды. Дескриптор, берілетін балл оқушыларға көрініп тұрды. Компьютермен практикалық жұмыстар орындалды. OnlineTestPad бағдарламасымен тест жұмысы алынды. Кері байланыс WhatsApp желісі арқылы алынды. Сабақ жоспары бар.

13.03.2023ж күні 7-сыныпқа «Таңдауды ұйымдастыру» тақырыбында сабағына қатыстым. WordWall бағдарламасы арқылы сұрақтар қойылады. Түсінуде видеоролик көрсетіліп балаларға сабақ түсіндірілді. Дескриптор әр тапсырмада көрсетілді. Бағалауда Quizizz бағдарламасымен тест алынды. Сабақ жоспары бар.

30.03.2023ж күні 5-сыныпқа «Компьютерде зиян келтірмей қалай жұмыс істеуге болады?» тақырыбында сабаққа қатыстым. Оқушылар белсенді болды. Жеңіл тақырып. The Nat бағдарламасымен 3 топқа бөлді. «Қауіпсіздік техникасының ережесі» жайлы бейнеролик көрсетті. 3 топқа 3 тақырыпшаны бөліп 3 беттік слайд жасатты яғни постер қорғатты. Қолдануда компьютерде орындайық тапсырмасы орындалды. Бағалауда 5-сынып дискасынан тапсырма орындатты. Сабақ жоспары бар.

**Сөйлеу жоқ**

**Қаулы:**

1. Информатика пәнінің берілісі деп табылсын;
2. Пән мұғалімдерінің іс-тәжірибесін тарату ДБЖО А.Елеуоваға тапсырылсын

## **II Тыңдалды**

**ДБЖО А.Елеуова:** Аудандық, облыстық ғылыми жобалар сайысының қорытындысы бойынша «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар» конкурсында облыстан 2 оқушы II орын, 2 оқушы III орын алды. Ал аудандық кезеңде 3 оқушы I орын, 1 оқушы II орын, 3 оқушы III орын иеленді. «Зерде» республикалық ғылыми жобалар конкурсының аудандық кезеңінде 1 оқушы I орын, 3 оқушы II орын, 1 оқушы III орын иеленсе, облыстық кезеңде 2 оқушы II орын иеленді. ( жалғанды қосымша 2)

**Сөйлеу**

**Г.Нурмагамбетова:** Оқушылардың облыстық кезеңнен орындары болғанымен республикалық кезеңге шығуында тест тапсыруда өтпей отыр. Сондықтан ғылыми жобаларға қатысатын 9-11 сынып оқушыларын пән мұғалімдері тест сұрақтарымен де дайындауы қажет.

**Қаулы:**

1. Ғылыми жобалар байқауына оқушыларды көптеп қатыстырып, жобаға дайындаумен қатар тест сұрақтарымен үнемі дайындық жетілдірілсін;
2. Бақылау- башылықты жүргізу ДБЖО А.Елеуоваға тапсырылсын.

## **III Тыңдалды**

**ДБЖО А.Елеуова:** Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы пәнінің берілісі.

Есболаев Райымбек тарих пәнінің мұғалімі, педагог-модератор. Жалпы еңбек өтілі 6 жыл, пед өтілі 3 жыл. 6,8-11 сыныптарға Қазақстан тарихы және дүние жүзі тарихы пәндерінен сабақ береді. Жүктемесі 20 сағат.

Қазақстан тарихынан 8-сыныпта 12.10. күні «Алаш қозғалысы қазақ ұлттық идеясы», 16.01. күні 6-сыныпта «XIV Людовик және Ұлы Петр: кімнің билігі айтарлықтай шексіз болды?», 27.01 күні 8-

сыныпта «Қазақстандағы ұжымдастыру», 03.03. күні 6-сыныпта «Қазақ хандығының құрылуы», тақырыптарындағы сабақтарына қатыстым.

Мұғалімнің сабақ жоспарлары бар, күтілетін нәтижелер оқыту мақсаттарына сәйкес келеді: «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша оқу бағдарламасының басты мақсаттарының бірі – оқушылардың бойында тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру мен дамыту болып табылғандықтан, мұғалім сабақта оқушылардың «тарихи ойлау» дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік беретін түрлі әдіс-тәсілдерді (белсенді және проблемалық оқыту әдістері, диалогтік оқыту) қолданады. Сабақ барысында өткен заманның кез-келген құбылысын сол заманның мәнмәтінінде, бұрын болған және кейінгі тарихи оқиғалармен өзара байланысында көруге, анықтауға, бағалауға, талдауға қабілеттерін дамытуға тапсырмалар ұйымдастырады. Мұғалім цифрлық білім ресурстары BilimLand.kz, <https://google.kz> т.б платформаларды тиімді пайдаланды.

Мектепке арналған білім платформасы <https://mektep.edu.kz> электронды журналына ұзақ мерзімді жоспары толтырылған. Мұғалім білім алушылардың бағаларын журналға уақытылы толық толтырып отыр.

Білім алушылардың жетістіктеріне баршылық. Республикалық жалпы білім беретін пәндік олимпиаданың облыстық кезеңінде 10-сынып оқушысы Жолдасқызы Жаннұр 2-орын иеленіп, республикалық кезеңге жолдама алды.

2021-2022 оқу жылында мектепшілік апталықтарда үлгілі ашық сабақтар көрсетумен қатар педагогикалық байқауларға да қатысып жүлдегер атанып келеді. Солардың бірі «Жаңа мектепке - жаңашыл ұстаз» жас педагогтердің VI республикалық байқауының аудандық, облыстық кезеңдерінен I орын иеленіп, республикалық кезеңге жолдама алды.

Төлепов Нұр тарих пәнінің мұғалімі, санатсыз жас маман. Еңбек өтілі 7ай. 5,7-сыныптарға Қазақстан тарихы және дүние жүзі тарихы пәндерінен сабақ береді. Жүктемесі 12 сағат.

Дүние жүзі тарихы сабағы 5.12 күні 5-сыныпта «Ежелгі Макенджо-Даро қаласы қалай жойылып кетті?», 27.03. күні «АҚШ-тың батыс бағыттағы аумағы қалай кеңейді?», 28.03 күні «Рим ежелгі дүниенің ең қуатты империясына қалай айналды?» және Қазақстан тарихы пәнінен 26.01 күні 5-сыныпта «Тасмола археологиялық мәдениеті» тақырыптарындағы сабақтарына қатыстым.

Мұғалімнің сабақ жоспарлары бар, күтілетін нәтижелер оқыту мақсаттарына сәйкес келеді. Мұғалім сабақта оқушылардың «тарихи ойлау» дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік беретін түрлі әдіс-тәсілдерді (белсенді және проблемалық оқыту әдістері, диалогтік оқыту) қолданады. Сабақ барысында өткен заманның кез-келген құбылысын сол заманның мәнмәтінінде, бұрын болған және кейінгі тарихи оқиғалармен өзара байланысында көруге, талдауға қабілеттерін дамытуға тапсырмалар ұйымдастырады. Тапсырмаларға дискрипторларды беру арқылы балл беріп, білім алушыларды бағалауды жүйеге қою туралы тәлімгері мен пән мұғаліміне ескертіліп, қазір жақсы қалыптасып келеді. Мұғалімнің цифрлық білім ресурстарын сабақтарында қолдануы төмен.

Мектепке арналған білім платформасы <https://mektep.edu.kz> электронды журналына ұзақ мерзімді жоспары толтырылған. Мұғалім білім алушылардың бағаларын журналға уақытылы толық толтырып отыр.

III тоқсан бойынша сапа Қазақстан тарихы 89%

### Сөйлеу

**Ж.Бекболатова:** Кафедра жетекшісі ретінде бұл екі мұғалімнің де сабақтарына қатысып отырамын. Райымбектің сабақтары жақсы өтеді. Оқушылар сабаққа белсене қатысады. Нұр жас маман болғандықтан шындалып келе жатыр. Болашақта жақсы маман болып қалыптасады деп ойлаймын.

### Қаулы:

1. Қазақстан тарихы және дүние жүзі тарихы пәндерінің берілісі қанағаттанарлық деп есептелінсін;
2. Жас маман Н.Төлеповке тәлімгері Г.Мұттахиқызы ЦБР сабақта қолдануды жетілдіру тапсырылсын;

### IV Тыңдалды

**Жаратылыстану кафедрасының жетекшісі Ж.Бекболатова:** Қалыптастырушы бағалау – бағалаудың тиімді тәсілі. Қалыптастырушы бағалау – бұл баланың оқуының үздіксіз бақылау үдерісі.

Қалыптастырушы бағалау сабақта күнделікті жүзеге асатын, білім мен дағдыны меңгеру деңгейін анықтайтын бағалау. Қалыптастырушы бағалау білім беру процесінде оқушы мен мұғалімнің арасындағы өзара тығыз байланысты жүзеге асырады. Сонымен қатар, оқушыларға жаңа материалды меңгеруде тапсыраларды қаншалықты дұрыс орындағандығын білуге және оқытудағы мақсаттар мен міндеттерді орындауға мүмкіндік туғызады ( ауызша сұрақ, тест, жазба, практикалық жұмыстар т.б.)

*Қалыптастырушы бағалау не үшін керек?*

1. Оқушының күнделікті білім сапасы.
2. Күнделікті жұмыс жасау
3. Нәтижеге жету үшін білім алуға олқылықтарды күнделікті анықтау, түзеу.
4. Оқушының бағалауда алған жағымсыз әсерінің азаюы.
5. Бағалаудың әділдігі мен ашықтығы.

Қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыруда басты мақсат нәтижеге жету. Ол үшін: Оқу мақсаттарына шолу жасаймыз, оқушылардың ойлау деңгейін анықтаймыз, бағалау критерийлерін анықтаймыз, тапсырмалар құрастырамыз, дескриптор құрастырамыз. Қалыптастырушы бағалауда нәтижеге жетудің тағы бір факторы – ол әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану. Сабақ үрдісінде көп қолданатын әдіс- фишкамен бағалау, смайлик, мақтау-мадақтау. «Қол сигналы», «Бағдаршам», «Бір минуттық эссе», «Екі жұлдыз бір тілек» т.б. Мұғалім оқушының жазба жұмысын тексерген кезде, оған баға қоймайды, әртүрлі қалыптағы сурет пен бояуларды қолданып белгілей алады. Әрбір белгі мен олардың түстері ( сары, қызыл, жасыл, жұлдызша т.б) оқушының жұмысының орындалу деңгейін көрсетеді.

### Сөйлеу

Н.Сенғалиев: Күнделікті сабақта қалыптастырушы бағалауды жүйелі жүргізудің маңызы зор. Егер қалыптастырушы бағалау жоғары деңгейде жүргізілсе, БЖБ, ТЖБ тапсыруда білім алушылар жақсы нәтиже көрсетері анық.

### Қаулы:

Қалыптастырушы бағалау – бағалаудың тиімді тәсілі туралы тыңдалды деп табылсын

### V Тыңдалды

**ДБЖО А.Елеуова:** Ертеден кәсіптік бағдар беру жұмыстарының жүргізілуі. 2022-2023 оқу жылы мектеп оқушыларының қызығушылықтары мен еңбек нарығындағы сұраныстар негізінде кәсіби бағдар беру жұмысының тиімді жүйесін құру және оқушыларды, ата-аналарды мамандық бойынша керекті мәліметтер және ақпараттармен қамтамасыз ету мақсатында «Оқушыларды бейінді оқыту жүйесін іске асыру» жоспары жасалып, бекітілді. Мектепте кәсіптік бағдар беру қызметкерлері Есбергенова Жансая, Айтұрова Айдана жұмыс жасайды.

Мектеп психологі 11 – сынып оқушыларының тұлғалық өсуін дамытуда , кәсіптік бағдар беруде, көшбасшылық қасиеттерін дамытуда және ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыруда «Дублер

күні» ұйымдастырылды. Іс – шаралар жоспары жасақталып, жоспар негізінде таңдау пәндері бойынша оқушылар ашық сабақтарын өткізді.

10 – 11 – сынып оқушыларына болашақ мамандықтарын анықтау және таңдаған мамандықтарына психологиялық дайындау, қолдау көрсету мақсатында «Оқушыларға кәсіптік бағдар берудегі психологиялық қызмет» сауалнамасы алынып, қорытындысы шығарылды.

7 – 11 – сынып оқушыларынан Гарднердің көптік ақыл – ой тестісі алынып, қорытындыланды.

8 – 9 – сынып оқушылары кәсіби бағдар беру бойынша edunavigator.kz тестісінен өтіп, оқушыларға қорытындылары таныстырылды.

9 – 10 – 11 – сыныптар бойынша Холланд – Климов әдістемесі өткізілді. Қорытындысы шығарылды.

«Мамандық әлеміне саяхат» тақырыбында мамандық әлемімен таныстыру мақсатында тренинг (9-11 сыныптар) ұйымдастырылды.

10-11 сыныптар арасында «Мамандық таңдау-маңызды іс» шығармашылық сайысы өткізілді.

### **Сөйлеу жоқ**

### **Қаулы:**

Ертеден кәсіптік бағдар беру жұмыстарының жүргізілуі қанағаттанарлық деп есептелінсін

## **VI Тыңдалды**

**Жаратылыстану кафедрасының жетекшісі С.Ерболатова:** Жаратылыстану пәндерін оқытуда қолданылатын цифрлық технологиялардың тиімділігі. Мақсаты: Шығармашылықпен жұмыс істей отырып, заман талабына сай іскер, жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары дамыған шәкірт тәрбиелеу. Міндеті: Білім беру үрдісінде оқытудың жаңа технологияларын айқындайтын әдістемелік, педагогикалық басылымдармен танысу. Сабақта оқытудың ақпараттық білім беру технологияларын тиімді қолдана білу. Оқушының таным белсенділігін қалыптастыру барысында шығармашылық ізденістің тиімді жолдарын үйрету, білім сапасын көтеру.

Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күдіретті күш тек білімге ғана тән. Олай болса, білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру – бүгінгі заман талабы. Ақпараттық білімнің, орта мен адамның өзара қарым-қатынасын үйлесімді ету және жаңа ақпараттық қоғамда ақпараттық технологияны пайдалану, ақпараттық мәдениетпен байланысын кеңейту мүмкіндіктері мол. Өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді ( жалғанды қосымша)

### **Сөйлеу**

**Г.Шоланова:** Электронды оқулықтар оқушылардың өз бетінше жұмысын және жоғары танымдық белсенділігін арттырады, олардың терең де тиянақты білім алу сапасын көтеретіні анық. Қазіргі ЦБР пайдалану оқушы мен мұғалімнің жұмысын жеңілдетумен қатар, қол жетімді болып отыр.

### **Қаулы:**

Жаратылыстану пәндерін оқытуда қолданылатын цифрлық технологиялардың тиімділігі тақырыбындағы баяндама тыңдалды деп табылсын.

## **VII Тыңдалды**

«Самғау» жастар клубының жетекшісі Р.Есболаев: «Самғау» жастар клубы қаңтар айынан бастап жоспары құрылып, жұмысын бастады. Клубтың мақсаты педагогикалық шеберлікті қалыптастыруда жаһандық өзгерістерді өз іс-тәжірибелерінде қолдану арқылы мектептің инновациялық дамуын жетілдіру. Құрамына мектептің жас мамандары енді.

| №  | Аты-жөні             | Лауазымы                              |         |
|----|----------------------|---------------------------------------|---------|
| 1  | Есболаев Райымбек    | Тарих пәні мұғалімі                   | Жетекші |
| 2  | Сенғалиев Нұрбек     | Информатика пәні мұғалімі             | Мүше    |
| 3  | Аманқосова Сандуғаш  | Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі | Мүше    |
| 4  | Қанатбаев Бекжан     | Дене шынықтыру пәні мұғалімі          | Мүше    |
| 5  | Асқарұлы Нұрғиса     | Дене шынықтыру пәні мұғалімі          | Мүше    |
| 6  | Жайлауқызы Сәулет    | Информатика пәні мұғалімі             | Мүше    |
| 7  | Ибраева Динара       | Орыс тілі мен әдебиеті                | Мүше    |
| 8  | Төлепов Нұр Айбекұлы | Тарих пәні мұғалімі                   | Мүше    |
| 9  | Таңатарқызы Айғаным  | Химия пәні мұғалімі                   | Мүше    |
| 10 | Төралина Гүлмайда    | Физика пәні мұғалімі                  | Мүше    |
| 11 | Меңдіғалиқызы Ақбаян | Дене шынықтыру пәні мұғалімі          | Мүше    |
| 12 | Мұстафин Алқабек     | География пәні мұғалімі               | Мүше    |

### Сөйлеу

Г.Нурмагамбетова: Жастардың сабақтарына қатысып жүрмін. Сабақтарында заманауи білім беру ресурстарын жақсы пайдаланып жүргендері де бар. Алайда қоғамдық жұмыстарда да белсендірек болса деп ойлаймын.

### Қаулы:

«Самғау» жастар клубы жұмысының жүргізілуі тыңдалды деп есептелсін және клуб жұмысын жетілдіру жетекшісі Р.Есболаевқа тапсырылсын

Жиналыс төрайымы:

А.Елеуова

Хатшы:

А.Айтурова

## Мамыр айындағы №5 әдістемелік кеңестің

### х а т т а м а с ы

Өтілген күні: 29.05.2023ж.

Қатысуға тиісті: 17

Қатысқандар: 17

Тақырыбы: «Рефлексия- табысты оқытудың бағдары»

#### Күн тәртібінде:

1. Тәлімгерлердің жұмысының қорытынды есебі
2. IV тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебі
3. Шығармашылық топ, ӘБ есебі.
4. Каникул тапсырмаларының берілуі
5. Мектепшілік факультатив, үйірме жұмысының қорытындысы
6. Оқушыларды бейінді оқыту жүйесін іске асыру қорытынды есебі

### I Тыңдалды

#### Тәлімгерлердің жұмысының қорытынды есебі

**Тәлімгер Г.Мұттахиқызы:** 2022-2023 оқу жылының 06.09.2022 ж.күнінен бастап Төлепов Нұрға тәлімгер болып тағайындалды. Ең алдымен жас маманды нормативті-құқықтық құжаттармен таныстырып, оқу-тәрбие үдерісіне бейімдеу мақсатында, мектеп құжаттарын рәсімдеу талаптары туралы түсіндірдім. ӘНХ таныстырып, педагог құқықтары және сабақты өткізу ережелерімен таныстырып өттім. Сағат жүктемесін ескере отырып, сабақ кестесі мен күнтізбелік - тақырыптық жоспарды құрастырып жазуға үйреттім. Сондай –ақ, күнделікті сабақ жоспарларының, жас ұстазға күнтізбелік сабақ жоспарларының құрылымын әзірлеуге үйретіп ақыл-кеңесімді беріп отырдым. Кері байланыс беру арқылы педагогтің сабақтарына қатысуды мақсат еттім. (қосымша жалғанды)

**Тәлімгер Ж.Бекболатова:** 2022-2023 оқу жылында Шетпе гимназиясына орыс тілі мен әдебиеті пәнінен жас маман Ибраева Динара Сапаровна жұмысқа қабылданып, мен жас маманға тәлімгер болып тағайындалды. Ол Шымкент қаласы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін 2022 ж. қазақ мектептеріндегі орыс тілі мен әдебиеті факультетін аяқтап, педагог статусы бойынша біліктілік тесттен өтті.

Ибраева Д. бастауыш сыныптар (2-4) 5 сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша барлығы 9 сағат жүктемесін алды.

Тәлімгерлік бойынша жоспар құрылды. Динарамен бірлесе отырып күнтізбелік жоспарларды сыныптарға жасақтап, жұмыс бастадық. Күнтізбелік жоспарды электронды журналға енгізуді, бағаны баллдық жүйемен құюды жұмыс барысында үйреттім (қосымша жалғанды)

**Тәлімгер Э.Дюсембаева:** 2022 – 2023 оқу жылында қыркүйек айынан бастап, жас маман Таңатарқызы Айғанымға тәлімгер болып тағайындалды. Ең алдымен жас маманды нормативті-құқықтық құжаттармен таныстырып, оқу-тәрбие үдерісіне бейімдеу мақсатында, мектеп құжаттарын рәсімдеу талаптары туралы түсіндірдім. ӘНХ таныстырып, педагог құқықтары және сабақты өткізу ережелерімен таныстырып өттім. Сағат жүктемесін ескере отырып, сабақ кестесі мен күнтізбелік - тақырыптық жоспарды құрастырып жазуға үйреттім. Сондай –ақ, күнделікті сабақ жоспарларының, жас ұстазға күнтізбелік сабақ жоспарларының құрылымын әзірлеуге үйретіп ақыл-кеңесімді беріп

отырдым. Кері байланыс беру арқылы педагогтің сабақтарына қатысуды мақсат еттім(қосымша жалғанды)

**Дене нұсқаушысы Н.Асқарұлы:** 2022-2023 оқу жылы Ақбаянға шебер педагог Изтурганова Майра апай тәлімгер болып тағайындалды. Жас маман 1-5 сыныптарға сабақ берді. Жүктемесі сағат. Санат жоқ. Оқу жылында мұғалімнің сабақ беру шеберліктермен қатар білім алушылармен жақсы қарым-қатынас орната білуі, жұмысына жауапкершілікпен қарауы байқалды. «Оқу- тәрбие үрдісіне жаңаша мазмұн беру арқылы жан-жақты дамыған, сауатты да білімді жеке тұлғаны қалыптастыру» мақсатымен жұмыс істеді. Жас маман ретінде өз тәлімгерім мен үнемі қарым- қатынас жасап отырды. Бос уақытында тәлімгердің және де тәжірибелі ұстаздардың сабақтарына қатысып отырды. Сабақты қызықтыра өтуді, түрлі қызықты көрнекіліктерді жасауға тәлімгері бағыт бағдар беріп отырды. Мектепте болып жатқан ашық сабақтарға, семинарларға, конференцияларға уақытында қатысып отырды. Интернеттен түрлі сабақтарға материалдар алып, практикада қолданды. (қосымша жалғанды)

### **Сөйлеу**

А.Елеуова: Жас мамандардың сабақтарына бірнеше рет қатыстым. Тәлімгерлердің үйреткендерін пайдаланып, сабақтарын түрлендіріп өтуге тырысып отырады. Алайда АКТ ны пайдалану төмен деңгейде. Көбіне ашық сабақтарда пайдаланып жүреді. Білім алушыларды бағалауды жүйеге келтірді. Бастапқыда қиындық келтірген жас мамандар да болды. Әліде тәжірибелерін жетілдіріп, курстарға қатысулары қажет.

### **Қаулы:**

1. Тәлімгерлердің жұмысының қорытынды есебі тыңдалды деп табылсын;
2. Жас мамандарды курстарға қатыстыру ДБЖО А.Елеуоваға тапсырылсын.

## **III Тыңдалды**

**ДОДЖО Н.Сенғалиев:** IV тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебі(қосымша жалғанды)

### **Сөйлеу**

**Э.Дюсембаева:** Жиынтық бағалау тапсырмаларын уақытылы, жоспарға сәйкес алып отырмыз. Оқушылардың алған балдары ата-аналарға рубрикаларымен таныстырылып отыр.

### **Қаулы:**

IV тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебі тыңдалды деп табылсын

## **IV Тыңдалды**

**Гуманитарлық пәндер кафедрасының жетекшісі Ж.Бекболатова:** 2022-2023ж.оқу жылында гуманитарлық бірлестік кафедрасы екі жас маманмен толықтырылды. Олар: тарих пәнінің мұғалімі Төлеп Нұр және орыс тілі пәнінің мұғалімі Ибраева Динара. Жас мамандарға тәлімгерлер тағайындалды. Тәлімгерлер жоспар құрып, жас мамандарға методикалық көрсетуде.

Жаңа оқу жылына бірлестік жоспары жасақталып, жұмыстар жүргізілу үстінде. Бірлестіктің алғашқы отырысында ӘНХ талқыланып, нұсқау хаттағы өзгерістер айтылды. Сонымен қатар, айтулы даталар, белгілі тұлғалардың туған күндері ескерілді.

Дарынды балалармен жұмыс жасау мақсатында олимпиада мен ғылыми жобалар сайыстарына оқушылар таңдалып, әр пән мұғалімі өз пәні бойынша балалармен жұмыс бастады(қосымша жалғанды).

**Бастауыш кафедрасының жетекшісі Г.Кокишева:** Әдістемелік бірлестігінде барлығы 4 бастауыш сынып мұғалімі бар. Сапалық құрамымыз: 2 мұғалім шебер, 1 сарапшы, 1 модератор. Бастауыш сыныпты 96 оқушымен бастадық. Тамыз айында бірлестік отырысы болды. Онда әдістемелік бірлестіктің өткен жылғы жұмысына талдау жасалды. Әр сынып жетекшілері Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2021 жылғы 13 мамырдағы № 5 хаттама). 2022-2023 оқу жылынан бастап қосымша енгізілетін жалпы білім беретін, арнайы және мамандандырылған мектептерге арналған төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарлары қарастырылып бекітілді. 1 қыркүйек Білім күніне байланысты барлық сынып жетекшілері «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында алғашқы сабақтарын өткізді.

Бастауыш сынып оқушылары мектепшілік, аудандық, облыстық көлемде ұйымдастырылған барлық шараларға белсенді қатысып отырды. Бастауыш сынып бірлестігінің «Болашаққа бастаған, бастауышым - бастамам» атты 10-14 сәуір аралығында апталығы өтті (қосымша жалғанды).

**Эстетикалық пәндер кафедрасынан Н: Асқарұлы:** Эстетикалық пәндер музыка, дене тәрбиесі, көркем еңбек, алғашқы әскери дайындық пәндерінің жыл басында жоспары құрылып, бекітілді. Бірлестікте төрт отырыс өтті. Қыркүйек айында кафедраның есебі, 2022-2023 оқу жылына арналған жоспар, күнтізбелік жоспарларды бекітуге ұсыну. Қазан айында екінші отырыс болып өтті. Ондағы мәселелер тәжірбиелі мұғалімдердің сабақтарына қатысу арқылы қарым – қатынас тәсілдерін меңгеруге көмек. Қарашада эстетикалық пәндер апталығын қорытындылады. Желтоқсанда бірінші жартыжылдық қорытындысы талқыланды.

21.11-26.11.2022 аралығында «Өнер – өмір жемісі» тақырыбында эстетикалық пәндер апталығы өтті. Апталық жоғары деңгейде өтіліп, қорытындыланды (қосымша жалғанды).

**Жаратылыстану кафедрасының жетекшісі С.Ерболатова:** 2022-2023 оқу жылы жаратылыстану кафедрасының жылдық жоспары жасақталып, жоспарға сәйкес іс-шаралар өткізілді. Кафедрада 9 мұғалім бар (қосымша жалғанды).

**Сөйлеу жоқ**

**Қаулы:**

Шығармашылық топ, ӘБ есебі тыңдалды деп табылсын

**V Тыңдалды**

**Гуманитарлық пәндер кафедрасының жетекшісі Ж.Бекболатова:** Гуманитарлық пәндердің барлығынан оқушыларға каникул тапсырмалары берілді (қосымша жалғанды).

**Жаратылыстану кафедрасының жетекшісі С.Ерболатова:** Жаратылыстану пәндерінің барлығынан оқушыларға каникул тапсырмалары берілді (қосымша жалғанды).

**Бастауыш кафедрасының жетекшісі Г.Кокишева:** Бастауыш сыныптың барлығынан оқушыларға каникул тапсырмалары берілді (қосымша жалғанды).

**Эстетикалық пәндер кафедрасынан Н: Асқарұлы:** Эстетикалық пәндерден оқушыларға каникул тапсырмалары берілді (қосымша жалғанды).

**Сөйлеу**

**С.Аманқосова:** Каникулдық тапсырмалардың берілуі оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануға көмектеседі. Ертең қыркүйекте келгенде берген тапсырмалардан бастайтынымызды оқушыларға ескертіп айттық.

**Қаулы:**

Каникул тапсырмалары оқушыларға берілді деп табылсын, қорытындысын бақылау ДООЖО Н.Сенғалиевке тапсырылсын.

**VI Тыңдалды**

**ҚББП С.Аманқосова:** Мектепшілік факультатив, үйірме жұмысының қорытындысымен таныстырды. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 39-бабының 1-тармақшасында

көрсетілгендей Қосымша білім беру – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту процесі.

Республикадағы жалпы білім беретін мектептердегі балаларға қосымша білім берудің ерекшеліктері 2022-2023 оқу жылдарында жалпы орта және қосымша білімнің мейлінше тығыз ынтымақтасуының қажет екендігін көрсетіп отыр.

«Шетпе гимназиясы» мемлекеттік мекемесінде 2022-2023 оқу жылында 1-11 сыныптар бойынша базалық оқу жоспарының (вариативтік) бөлім бойынша пәндер 31.08.2022 ж. күні №1 пед.кеңесте бекітілді.

Осыған сәйкес мектебімізде 47 факультативтік сабақ, 6 ақылы үйірме, оқушылардың сұранысына байланысты 3 ақысыз үйірме жұмыс жасайды. Оқу жылының басында сабақ жоспарлары аудандық оқу-әдістемелік орталығымен келісіліп бекітілді. Қосымша сабақтар mektep.edu қосымшасына салынды. Ақысыз үйірмелеріге арналып №472 бұйрық негізінде қағаз журнал басталды. Қосымша сабақ кестесі жасалып бекітілді. Үйірме сабақтар оқу жылының басында сенбі күнге қойылды. Оқушылар қатысының аз болуына және кіші қызметкерлердің өтініші негізінде қазіргі таңда сенбі күні «Гүлстан», «Шебер қолдар», «Өлке тарихы» үйірме сабақтары өтеді.

Факультатив сабақтармен оқушылар түгел қамтылды. Пайызы 100%. Үйірмеге мектептегі 229 оқушының 147 қатысады. Пайызы 64%(қосымша жалғанды).

### **Сөйлеу**

**А.Елеуова:** Биылғы оқу жылында өткізілген факультатив, үйірме оқушылары жақсы нәтижелер көрсетті. Әсіресе Балқия, Нұрбек, Алқабектердің оқушылары облыстық, аймақтық деңгейдегі сайыстардан жүлделі орындар иеленді.

### **Қаулы:**

Мектепшілік факультатив, үйірме жұмысының қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын

### **VII Тыңдалды**

Оқушыларды бейінді оқыту жүйесін іске асыру қорытынды есебі

ДБЖО А.Елеуова: 2022-2023 оқу жылы «Оқушыларды бейінді оқыту жүйесін іске асыру» жоспары жасалып, бекітілді. Мақсаты: Мектеп оқушыларының қызығушылықтары мен еңбек нарығындағы сұраныстар негізінде кәсіби бағдар беру жұмысының тиімді жүйесін құру. Оқушыларды, ата-аналарды мамандық бойынша керекті мәліметтер және ақпараттармен қамтамасыз ету. 11 – сынып оқушыларының тұлғалық өсуін дамытуда, кәсіптік бағдар беруде, көшбасшылық қасиеттерін дамытуда және ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыруда «Дублер күні» ұйымдастырылды. Іс – шаралар жоспары жасақталып, жоспар негізінде таңдау пәндері бойынша оқушылар ашық сабақтарын өткізді. 10-11сынып оқушыларына болашақ мамандықтарын анықтау және таңдаған мамандықтарына психологиялық дайындау, қолдау көрсету мақсатында «Оқушыларға кәсіптік бағдар берудегі психологиялық қызмет» сауалнамасы алынып, қорытындысы шығарылды. 7-11сынып оқушыларынан Гарднердің көптік ақыл – ой тестісі алынып, қорытындыланды. 8-сынып оқушылары кәсіби бағдар беру бойынша edunavigator.kz тестісінен өтіп, оқушыларға қорытындылары таныстырылды. Оқушылармен «Менің болашақ мамандығым» сурет сайыс (5-7 сыныптар) «Не? Қайда? Қашан?» атты мамандық туралы викторина (7-8 сыныптар) «Мамандыққа саяхат». Мамандық әлемімен таныстыру.Тренинг (9-11 сыныптар) Жобалар қорғау. «Технология» бағдарлама аясында, «Менің арманымдағы мамандық» шығармашылық сайыс (7-9с), ата-аналармен «Мамандықты дұрыс таңдау. Аймақтық нарықтық еңбек» (8-9 сыныптар), «Жоғары оқу орындарына түсу шарттары» (11 сынып) тақырыптарында іс –шаралар өтті.(қосымша жалғанды).

ДТЖО м.у.а. А.Мұстафин: Оқушылардың бейіндік бағытын анықтау барысында, бағыт беру мақсатында 6-11 сынып оқушыларының сынып сағаттарына «Менің болашақ мамандығым» тақырыбын жоспарға енгізілді. Соған сай наурыз айында сынып сағаттары өткізілді. Одан да бөлек мектеп оқушылары өздерінің қызығушылығы бойынша мектеп қабырғасынан бөлек үйірмелерге де қатысып жүр. Атап айтатын болсақ, домбыраға 18, қобызға 2, баянға 4, биге 10, ағылшынға 25, күреске 7, фортепианоға 1, боксқа 5, суретке 8, қолөнерге 1, волейболға 4, вокальға 5, футболға 4,

джиу-джитсу үйірмелеріне 7 оқушы барып жүр. Бұл үйірмелердің барлығы балаларға өздерінің болашақ бейініне қарай, өмірлік жол табуларына үлкен көмегін тигізері сөзсіз.

Психолог: 2022-2023 оқу жылы оқушылардың бейіндік бағыттарын анықтауға жас ерекшеліктеріне қарай сауалнамалар жүргізумен қатар түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. 11 – сынып оқушыларының тұлғалық өсуін дамытуда, кәсіптік бағдар беруде, көшбасшылық қасиеттерін дамытуда және ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыруда «Дублер күні» ұйымдастырылды. Іс – шаралар жоспары жасақталып, жоспар негізінде таңдау пәндері бойынша оқушылар ашық сабақтарын өткізді. 10 – 11 – сынып оқушыларына болашақ мамандықтарын анықтау және таңдаған мамандықтарына психологиялық дайындау, қолдау көрсету мақсатында «Оқушыларға кәсіптік бағдар берудегі психологиялық қызмет» сауалнамасы алынып, қорытындысы шығарылды. 7 – 11 – сынып оқушыларынан Гарднердің көптік ақыл – ой тестісі алынып, қорытындыланды. 8 – сынып оқушылары кәсіби бағдар беру бойынша edunavigator.kz тестісінен өтіп, оқушыларға қорытындылары таныстырылды. Мамыр айында жылдағыша дәстүрлі «Мектепке мұғалімдікпен» айдары өткізілді.(қосымша жалғанды)

### Сөйлеу

Б.Қанатбаев: Менің сыныбым биыл 11-сынып болғандықтан оқушылардың бейінін анықтаудың маңызды екендігін жақсы түсіндім. Жүргізілген сауалнамалар мен іс-шаралар өз деңгейінде өтті. Оқу орындарынан да келіп түрлі мамандықтармен таныстыру жұмыстары жүргізілді.

А.Елеуова: Биылғы оқу жылы оқу орындарына, кәсіпорындарға экскурсияларға бару жүзеге аспады. Себебі уақыттың, көлік жағының ыңғайы болмады. Ең бастысы оқушылардың қауіпсіздігі болғандықтан уақытында шыға алмадық. Оқушыларға виртуалды таныстырылымдар жасалды.

### Қаулы:

Оқушыларды бейінді оқыту жүйесін іске асыру қанағаттанарлық деп табылсын.

Жиналыс төрайымы:

А.Елеуова

Хатшы:

А.Айтурова